

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Жоғары аттестациялық комиссия" мемлекеттік мекемесінің Жарғысын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 11 сәуір N 551. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.20. N 977 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 7 қыркүйектегі N 205 "Мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын реттеу туралы" Жарлығын және "Жоғары аттестациялық комиссия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 2001 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, мемлекеттік орган болып табылмайтын, "Жоғары аттестациялық комиссия" мемлекеттік мекемесінің Жарғысы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 11 сәуірдегі

N 551 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің "Жоғары аттестациялық комиссия"
мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Жоғары аттестациялық комиссия" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Қазақстанның ЖАК-ы) жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогтік кадрларды аттестациялауды жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесін иеленген, коммерциялық емес

ұ й ы м б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Қазақстанның ЖАК-ы ғылыми дәрежелерді және ғылыми атақтарды беру жөніндегі аттестациялау істерін қарайтын және белгіленген мемлекеттік үлгідегі құжаттарды беретін бірден бір мемлекеттік мекеме болып табылады.

3. "Жоғары аттестациялық комиссия" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстанның ЖАК-ы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 2001 қаулысымен мемлекеттік мекеме болып қайта құрылды.

4. Қазақстан ЖАК-ының құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұлғасында мемлекет болып табылады.

Қазақстанның ЖАК-ын мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Өкілетті орган) болып табылады.

5. Мемлекеттік мекеменің толық атауы:
мемлекеттік тілде - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Жоғары аттестациялық комиссиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі; қысқартылған атауы - Қазақстанның ЖАК-ы;
орыс тілінде - Республиканское государственное учреждение "Высшая аттестационная комиссия" Министерства образования и науки Республики Казахстан; қысқартылған атауы - ВАК Казахстана.

Қазақстан ЖАК-ының мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, 480100, Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 111-үй

2. Заңды мәртебесі

6. Қазақстанның ЖАК-ы заңды тұлға құқығын оны мемлекеттік тіркелген сәттен бастап иеленеді.

7. Қазақстан ЖАК-ының дербес балансы, заңдармен сәйкес банктерде шоттары, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өз атауымен бланкілері, мөрі және м ө р т а б а н д а р ы б а р .

8. Қазақстанның ЖАК-ы өзінің міндеттемелері бойынша оның иелігіндегі ақшаларымен жауап береді. Қазақстан ЖАК-ының ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі ж а у а п т ы б о л а д ы .

Қазақстан ЖАК-ының шарттық міндеттемелері бойынша жауапкершілігі

зандарға сәйкес оны ұстауға арналып бекітілген смета шектерінде туындайды.

9. Қазақстанның ЖАК-ы жасаған азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тіркеуге жатады.

3. Қазақстанның ЖАК-ы қызметінің мақсаты мен түрлері

10. Қазақстан ЖАК-ы қызметінің мақсаты:

1) ғылыми және ғылыми-педагогтік қызметкерлерге ғылыми дәрежелер және ғылыми атақтар беру туралы аттестациялық істерді олардың бірыңғай талаптарына сәйкес ұйымдастыру және қарау;

2) ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды, бағдарламаларды сараптаудан өткізуге қатысу болып табылады.

11. Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін Қазақстан ЖАК-ы қызметтің мына түрлерін жүзеге асырады:

1) ғылыми және ғылыми-педагогтік кадрларды даярлаудың және аттестациялаудың бағыттарын анықтауға қатысу;

2) ғылыми және ғылыми-педагогтік кадрларды даярлау және аттестациялау ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды, бағдарламаларды сараптау саласында заң және өзге де нормативтік құқықтық актілер мен әдістемелік құжаттар жобаларын әзірлеуге қатысу;

3) ғылыми дәрежелер және ғылыми атақтар беру мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде Өкілетті органға ұсыныстар енгізу;

4) ведомстволық бағыныстылығына және олардың меншік нысандарына карамастан ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдарда, жоғары оқу орындарында диссертациялық кеңестер желісін құру және онтайландыру және диссертациялық кеңестердің жеке құрамын, кеңестерге диссертацияларды қорғауға қабылдауға құқық беретін ғылыми мамандықтар мен салалардың тізбесін Өкілетті органға бекітуге ұсыну;

5) Ғылыми қызметкерлер мамандықтарының номенклатураларын әзірлеу және оны Өкілетті органға бекітуге ұсыну;

6) кандидаттық емтихандардың бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;

7) ғылыми дәрежелер және ғылыми атақтар беру туралы аттестациялық істерді қарау және олар бойынша бірыңғай талаптарға сәйкес шешім қабылдау; мемлекет атынан дипломдар мен аттестаттарды ресімдеу және беру;

8) диссертациялық жұмыстарды, аттестациялық істерді сараптауға ақы төлеудің тәртіптері мен шарттарын айқындауға қатысу;

9) іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жобаларын, мемлекеттік

бағдарламаларды сараптауға қатысу;

10) ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысу;

11) басқа елдердің ұлттық мемлекеттік аттестациялау органдары берген ғылыми дәрежелері және атақтары бар Қазақстан Республикасының азаматтарын , шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды нострификациялауды және қайта аттестациялауды жүргізуді ұйымдастыру;

12) Қазақстан ЖАК-ының негізгі функцияларымен байланысты баспа қызметін жүзеге асыру және оның өнімдерін сату.

12. Қазақстан ЖАК-ының осы Жарғыда көзделмеген қызметі Өкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

Қазақстан ЖАК-ы оны құру мақсатына жауап бермейтін қызметпен шұғылдануға құқылы емес.

4. Қазақстанның ЖАК-ын басқару

13. Қазақстанның ЖАК-ын жалпы басқаруды Өкілетті орган жүзеге асырады .

Өкілетті орган заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады :

- 1) мүлікті Қазақстан ЖАК-ына бекітеді;
- 2) Қазақстан ЖАК-ын ұстауға арналған сметаны (шығыстар жоспарын) бекітеді ;
- 3) Қазақстанның ЖАК-ына берілген мүлікті пайдаланудың нәтижелілігіне және сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) Қазақстан ЖАК-ының құрылымын және шекті штат санын бекітеді;
- 5) Қазақстан ЖАК-ы басшысының ұсынысы бойынша оның орынбасары мен бас ғалым хатшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 6) жылдық қаржылық есебін бекітеді;
- 7) заңдармен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

14. Қазақстан ЖАК-ының басшысы Төраға болып табылады; оны Өкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметтік лауазымға тағайындайды және қызметтік лауазымнан босатады.

15. Төраға мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды, Өкілетті органға тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады .

16. Төраға дара басшылық принципімен іс-қимыл жасайды және мемлекеттік мекеменің қызмет мәселелерін оның Қазақстан Республикасы заңдарымен және

осы Жарғымен белгіленген құзырына сәйкес дербес шешеді.

17. Қазақстан ЖАК-ының қызметін жүзеге асыру кезінде Төраға заңдармен белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан ЖАК-ының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
2) барлық ұйымдарда Қазақстан ЖАК-ының мүддесін көздейді;
3) Қазақстан ЖАК-ының сараптама кеңестері, құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және оның қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құжаттарды бекітеді;

4) заңдармен белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке иелік етеді;

5) шарттар жасайды;

6) сенімхаттар береді;

7) Қазақстан ЖАК-ының іссапар, тағылымдама қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытудың және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

8) Қазынашылықта шоттарын ашады;

9) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқау береді;

10) Қазақстан ЖАК-ы Өкілетті орган тағайындағаннан басқа қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

11) Қазақстан ЖАК-ының қызметкерлеріне көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын қолданады;

12) өзінің орынбасары мен бас ғалым хатшысының міндеттерін және өкілеттігінің аясын айқындайды;

13) заңдармен, осы Жарғымен және Өкілетті органмен, оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18. Қазақстан ЖАК-ының Төралқасы министрліктердің, ғылыми ұйымдардың ұсынымдары ескеріле отырып, ғалымдардан құралады, аттестациялық істерді қарайды және ғылыми дәрежелер беру және ғылыми атақтар беру туралы шешім қабылдайды, жоғары білікті кадрларды нострификациялауды және қайта аттестациялауды жүзеге асырады, диссертациялар қорғаумен байланысты басқа да мәселелерді қарайды. Төралқа ол туралы Өкілетті орган бекіткен ереже негізінде іс-қимыл жасайды.

19. Қазақстан ЖАК-ының Төрағасы Төралқа Төрағасы болып табылады. Төралқа құрамына лауазымына байланысты Төрағаның орынбасары және бас ғалым хатшы енеді. Төралқа құрамын Өкілетті орган бекітеді.

5. Қазақстан ЖАК-ының мүлкін құрау және қаржыландыру тәртібі

20. Қазақстан ЖАК-ының мүлкі оған мемлекет берген мүліктер есебінен қалыптасады және негізгі қор мен айналым қаражаттарынан, сондай-ақ оның балансында құны көрсетілген өзге де мүліктерден тұрады.

21. Қазақстан ЖАК-ының мүлкі оның жедел басқару құқығына жатады.

22. Қазақстан ЖАК-ына мемлекеттік емес ұйымдарға, шетел азаматтарына, сондай-ақ баспа өнімдерін шығаруға және сатуға қатысты қызметтің негізгі түрлерін орындауға байланысты табыстар түсіретін қызметтерді жүзеге асыру құқығы берілген, бұл қызметтерден алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

23. Қазақстан ЖАК-ының қызметін қаржыландыру тек мемлекет бюджеті есебінен жүзеге асырылады.

24. Қазақстанның ЖАК-ы заңдарға сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есеп ұсынады.

25. Қазақстан ЖАК-ының қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және тексеріс белгіленген заң тәртібімен жүзеге асырылады.

6. Қазақстанның ЖАК-ын қайта ұйымдастыру және тарату

26. Қазақстанның ЖАК-ын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.